



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 31 мамырдағы № ДС-218 хатына

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруін бақылауды қамтамасыз етуге қатысты жоғарыда көрсетілген сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

2022 жылдың 12 айында және 2023 жылдың 5 айында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің көліктік бақылау инспекцияларымен 49 211 жүк автокөлік құралдары тексеріліп, 14 467 көлік заңнамасының бұзылуы анықталды. 7,2 млрд. теңге сомасына алымдар мен айыппұлдар өндірілді.

Көліктік бақылаудың жылжымалы бекеттерін ұлғайтуға қатысты

Қазіргі уақытта Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің *(бұдан әрі – Комитет)* аумақтық органдарының теңгерімінде 48 жылжымалы көліктік бақылау бекеті бар, оның ішінде 20 бірлік 100 % тозуы бар, оның ішінде техникалық ақауларға байланысты 20 бірлік пайдаланылмайды.

Осыған байланысты 21 жылжымалы бекет сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

Осылайша, жарияланған конкурстардың қорытындысы бойынша 2023 жылғы 16 маусымда Комитет өнім берушіні айқындап, шарт жасасты, оған сәйкес күнтізбелік 45 күн ішінде 18 бірлік арнайы автокөлік берілетін болады.

Сондай-ақ, қосымша 3 бірлік арнайы автокөлік сатып алуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, Маңғыстау облысы бойынша әкімдікпен 2 бірлік жылжымалы көліктік бақылау бекеті сатып алынды, сондай-ақ Маңғыстау облысының көліктік бақылау инспекциясының теңгеріміне беру үшін тағы 2 бірлік сатып алуды жүзеге асыру жоспарлануда.

Осындай жұмысты Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі басқа жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүргізуде.

Комитет қызметкерлерінің штат санын ұлғайтуға қатысты

Бүгінгі таңда комитеттің штат саны – 115 бірлік, көліктік бақылау инспекциясы және порттардың теңіз әкімшілігі – 449 бірлікті құрады.

Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының жаңа инспекцияларының құрылуы салдарынан, көліктік бақылау инспекцияларының жалпы саны 31 бірлікке ұлғайтылды.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында көліктік бақылауды жүзеге асыруға адами фактордың қатысуын барынша азайту үшін көлік саласын цифрландыру жүргізілуде.

Осылайша, автоматтандырылған өлшеу станциялары (*бұдан әрі – АӨС*) құқық бұзушыларды әкімшілік жауапкершілікке автоматты түрде тарту үшін автожолдарда – адамның қатысуынсыз, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдауды қашықтықтан бақылау және мониторингтеу енгізіледі.

Осыған байланысты Комитет қызметкерлері санының қосымша өсуі қаралмайды.

Автоматтандырылған өлшеу станцияларының қондырғыларына қатысты

2022 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң (*бұдан әрі – Заң*) қабылданды, оның шеңберінде автокөлік құралдарын өлшеудің АӨС және станцияларын енгізу көзделген.

«ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ-ның республикалық жолдарда орналасу орындарын анықтау, АӨС салу, өлшеу және күтіп ұстау жөніндегі өкілеттіктері көзделген. Жергілікті маңызы бар жолдарда жергілікті атқарушы органдар да осындай өкілеттіктерге ие (*ЖАО үшін 2024 жылғы 01 қаңтардан бастап күшіне енеді*).

Анықтама ретінде:

Жүк көтергіштігі 12 тоннадан асатын көлік құралдары АСИ арқылы міндетті түрде өтуге жатады. Республиканың автожолдарындағы салмақтық габариттік параметрлерді өлшеу рәсімін және осы жүйе арқылы жүк автомобильдерінің міндетті өтуін толық автоматтандыру:

- автокөлік құралдарының параметрлерін автоматтандырылған өлшеу;
- айыппұл төлеу туралы нұсқама беру (500-ден 1000 АЕК-ке дейінгі айыппұл);
- айналма жолдарды бейнетіркеу (жүру бағыты бойынша әкімшілік жаза нормасы көзделетін болады);
- ілеспе құжаттарды қашықтықтан тексеру.

АӨС енгізу: адами факторды жоюға, оларды салуға және ұстауға жеке инвестицияларды тартуға, автокөлік құралдарының 90% - вес салмақ габаритті бақылаумен қамтуға, инновациялық технологияларды қолдана отырып, бақылаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Заң шеңберінде Автомобиль көлік құралдарын өлшеу станциясы операторларының қызметі енгізілетін болады, олар қызмет басталар алдында уәкілетті органда аккредиттеуден өтетін болады.

Анықтама ретінде:

Автомобиль көлік құралдарын өлшеу станциясы – автомобиль көлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеу жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған стационарлық немесе жылжымалы пункт.

Бұдан басқа, жергілікті маңызы бар автожолдарда (2023 ж. 4 мамырдағы № 01-27/3682-И) орнатылған АӨС арқылы тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша салмақтық габариттік бақылауды жүзеге асыру және іс жүргізу бойынша жергілікті атқарушы органдарға өкілеттіктер беру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Жоғарыда аталған шараларды іске асыру, тұтастай алғанда салмақты габаритті бақылауды автоматтандыруға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және көліктік бақылау жүргізу кезінде адами факторды төмендетуге ықпал етеді, бұл өз кезегінде қозғалыстағы ірі габаритті және ауыр салмақты автокөлік құралдарының шамамен 90% - бақылаумен қамтуға мүмкіндік береді.

Рұқсат етілген салмақ параметрлерінен асып кеткені үшін әкімшілік айыппұлдар сомасын ұлғайтуға қатысты

Ауыр салмақты автокөлік құралдарының салмақтық параметрлерінен асып кеткені үшін, оның ішінде арнайы АӨС пайдалана отырып тіркелетіндері үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 571-бабының 6-бөлігіне сәйкес жауапкершілік көзделген, бұл ретте салмақтық параметрлердің асып кетуіне және адамның кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілігіне байланысты 40-тан 1000 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін әкімшілік айыппұл салынады.

Айыппұлдардың көрсетілген сомалары әділ болып табылады және құқық бұзушылықтың тиісті сипаты бойынша салынады.

Бір мемлекеттік органның ауыр салмақты автокөлік құралдарын бақылауына қатысты.

«Автомобиль көлігі туралы» Заңға сәйкес автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтуін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық параметрлерін сақтауын бақылауды автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган – Комитет жүзеге асырады.

Бұл ретте, «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңға сәйкес ішкі істер органдары жол жүрісіне және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады.

Осылайша, Комитет пен ішкі істер органдарының бақылау функциялары Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларымен нақты аражігі ажыратылған.

Өз кезегінде, уәкілетті органдар ірі габаритті және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жол жүруін бақылауды күшейту үшін аумақтық бөлімшелерге қосымша нұсқаулар жіберді.

Жалпы, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-218 от 31 мая 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев вышеуказанный запрос касательно обеспечения контроля за проездом тяжеловесных автотранспортных средств по территории Республики Казахстан, сообщаю следующее.

За 12 месяцев 2022 года и 5 месяцев 2023 года инспекциями транспортного контроля Комитета транспорта Министерства индустрии и инфраструктурного развития проверены 49 211 грузовых автотранспортных средств и выявлено 14 467 нарушений транспортного законодательства. Взыскано сборов и штрафов на сумму 7,2 млрд. тенге.

Касательно увеличения передвижных постов транспортного контроля

В настоящее время на балансе территориальных органов Комитета транспорта Министерства индустрии и инфраструктурного развития (*далее – Комитет*) имеется 48 передвижных постов транспортного контроля, из них 20 ед. имеют 100 % износ, в том числе не эксплуатируются в связи с техническими неисправностями 20 ед.

В этой связи, проводится работа по приобретению 21 передвижного поста.

Так, по итогам объявленных конкурсов 16 июня 2023 года Комитетом определен поставщик и заключен договор, согласно которому в течение 45 календарных дней будут предоставлены 18 ед. спецавтотранспорта.

Также, планируется осуществить закуп дополнительно 3 ед. спецавтотранспорта.

Кроме того, Акиматом Мангистауской области приобретены 2 ед. передвижных постов транспортного контроля, а также планируется осуществить закуп еще 2 ед. для передачи на баланс Инспекции транспортного контроля Мангистауской области.

Аналогичная работа проводится Министерством индустрии и инфраструктурного развития совместно с другими местными исполнительными органами.

Касательно увеличения штатной численности сотрудников Комитета

На сегодняшний день штатная численность Комитета – 115 единиц, Инспекций транспортного контроля и Морской администрации портов – 449 единиц.

Вследствие образования новых инспекций областей Абай, Жетісу и Ұлытау, общая численность Инспекций транспортного контроля была увеличена на 31 единицу.

При этом, в целях исключения коррупционных рисков, проводится цифровизация транспортной отрасли для минимизации участия человеческого фактора в осуществлении транспортного контроля.

Так, внедряются автоматизированные станции измерения (далее – АСИ на автодорогах для автоматического привлечения к административной ответственности нарушителей – без участия человека, а также дистанционный контроль и мониторинг за перевозками пассажиров, грузов и опасных грузов.

В этой связи, дополнительное увеличение численности сотрудников Комитета не рассматривается.

Касательно установок автоматизированных станций измерений

29 декабря 2022 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам транспорта и недропользования» (далее – Закон), в рамках которого предусмотрено внедрение АСИ и станций взвешивания автотранспортных средств.

Предусмотрены полномочия АО НК «КазАвтоЖол» по определению мест дислокации, строительству, взвешиванию и содержанию АСИ на республиканских дорогах. Аналогичными полномочиями на дорогах местного значения наделены местные исполнительные органы (для МИО норма вступает в силу с 01 января 2024 года).

Справочно:

Транспортные средства с грузоподъемностью свыше 12 тонн будут подлежать обязательному проезду через АСИ. Полная автоматизация процедуры замеров весогабаритных параметров на автодорогах республики и обязательный проезд грузовых автомобилей через данную систему обеспечит:

- автоматизированный замер параметров автотранспортных средств;
- выдача предписания об уплате штрафа (штраф от 500 до 1000 МРП);
- видеофиксацию объездов (будет предусмотрена норма административного взыскания по маршруту следования);
- дистанционную проверку сопроводительных документов.

Внедрение АСИ позволит: исключить человеческий фактор, привлечь частные инвестиции в их строительство и содержание, охватить весогабаритным контролем 90% автотранспортных средств, повысить эффективность контроля с применением инновационных технологий.

Также в рамках Закона будет введена деятельность Операторов станции взвешивания автомобильных транспортных средств, которые перед началом деятельности будут проходить аккредитацию в уполномоченном органе.

Справочно:

Станция взвешивания автомобильных транспортных средств – стационарный или передвижной пункт, предназначенный для выполнения работ по измерению весовых и габаритных параметров автомобильных транспортных средств.

Кроме того, проводится работа по наделению местных исполнительных органов полномочиями по осуществлению весогабаритного контроля и ведению

производства по делам об административных правонарушениях, зафиксированных посредством АСИ, установленных на автодорогах местного значения (*№ 01-27/3682-И от 04.05.2023 г.*).

Реализация вышеуказанных мер в целом способствует автоматизации весогабаритного контроля, минимизации административных барьеров и снижению человеческого фактора при проведении транспортного контроля, что в свою очередь, позволит охватить контролем порядка 90 % находящихся в движении крупногабаритных и тяжеловесных автотранспортных средств.

Касательно увеличения суммы административных штрафов за превышение допустимых весовых параметров

За проезд тяжеловесных автотранспортных средств с превышением весовых параметров, в том числе фиксируемые с использованием специальных АСИ, предусмотрена ответственность согласно части 6 статьи 571 кодекса «Об административных правонарушениях», при которых налагаются административные штрафы от 40 до 1000 месячных расчетных показателей (МРП) в зависимости от превышения весовых параметров и принадлежности лица к субъектам предпринимательства.

Указанные суммы штрафов являются справедливыми и налагаются по соответствующему характеру правонарушения.

Касательно контроля за тяжеловесными автотранспортными средствами одним государственным органом.

В соответствии с законом «Об автомобильном транспорте», контроль за проездом автотранспортных средств по территории Республики Казахстан, в том числе за соблюдением отечественными и иностранными перевозчиками допустимых габаритных и весовых параметров автотранспортных средств, установленных на территории Республики Казахстан, осуществляется уполномоченным органом в сфере автомобильного транспорта – Комитетом.

При этом, согласно закона «Об органах внутренних дел Республики Казахстан», органы внутренних дел осуществляют государственный контроль и надзор за дорожным движением и обеспечением его безопасности.

Тем самым, контрольные функции Комитета и органов внутренних дел четко разграничены действующими нормами законодательства Республики Казахстан.

В свою очередь, уполномоченными органами направлены дополнительные указания в территориальные подразделения для усиления контроля за проездом крупногабаритных и тяжеловесных автотранспортных средств.

В целом, данные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

Р. Скляр